

«БЕКІТІЛДІ»
 ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу
 орталығы» РМҚК директоры
 Р. Емелбаев
 «___» _____ 202_ ж.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыты
«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша
оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру
бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналған
тест спецификациясы
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

1. Тест мақсаты: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

2. Тест міндеті: Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің келесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

B034 - Тарих

B134 - Археология және этнология

B035 - Түркітану және шығыстану

3. Тест мазмұны:

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаты
01	Әлем өркениеттерінің тарихы.	01	Ежелгі Египет.	1) Әлем өркениеттері даму тарихын, ерекшеліктерін сараптау 2) Шаруашылық қызмет пен өркениеттік даму арасындағы байланысты талдайды
		02	Ежелгі Қосөзен.	
		03	Ежелгі Қытай мен Ежелгі Үндістан.	
		04	Ежелгі Грекия өркениеті.	
02	Өркениеттердің өзара әрекеттесуі.	05	Өркениеттер арасындағы қарым-қатынастардың сауда-экономикалық саласы.	1) Әлемдік экономиканың дамуындағы халықаралық ұйымдардың рөлін анықтау 2) Өркениеттерді жақындастыру факторы ретінде дипломатияның маңызын жүйелейді 3) Ежелгі және орта ғасырлардағы жаулап алушылық жорықтардың себептерін, отаршыл экспансия мен қазіргі замандағы жаһандық мәселелердің себеп-салдарлық байланысын анықтайды; 4) Қазіргі өркениеттің даму контекстінде әскери қатығыстардың ерекшеліктері мен салдарларын талдайды;
		06	Өркениеттер арасындағы қарым-қатынастардың дипломатиялық саласы.	
		07	Өркениеттер арасындағы қарым-қатынастардың әскери-саяси саласы	

		08	Мәдениеттер диалогі.	5) Жаһанданудың жағымды және жағымсыз жақтарын анықтай отырып, оның қоғамның рухани дамуына әсерін қорытындылайды
03	Антропогенез және этногенез.	09	Адамның пайда болу теориялары.	1) Антропологиялық, этникалық және әлеуметтік үдерістердің байланыстарын анықтау 2) Тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «этнос», «этногенез», «ұлт», «социогенез», «формациялық әдіс», «өркениеттік әдіс» ұғымдарын қолданады; 3) Ұлтаралық қақтығыстардың пайда болуының себеп-салдарлық байланысын түсіндіреді.
		10	Этнос, этникалық, этногенез және ұлт.	
		11	Этностың пайда болу теориясы.	
		12	Әлемнің этникалық картасы: өткені мен бүгіні.	
04	Әлем тарихының барысына әсер еткен әскери-саяси оқиғалар.	13	Антикалық дәуірде құрылған әлемдік империялар.	1) Антика дәуіріндегі империялардың, араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының және моңғол шапқыншылығының себептері мен салдарын салыстыру, пікір білдіру. 2) Мемлекеттердің тарихи формаларына тән белгілерін анықтайды; 3) Тоталитарлық саяси режимнен қазіргі замандағы демократияға ауысудың ерекшеліктерін жүйелейді; 4) Антика дәуірінде империялардың пайда болуының себептері мен салдарларын негіздейді; 5) Дәйекті қорытындылар жасай отырып, араб шапқыншылықтары мен крест жорықтарының себептерін анықтайды; 6) Моңғол шапқыншылығының Еуразиядағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасу процесіне әсерін талдайды.
		14	Ғұндардың жаулап алу жорықтары Батыс Рим империясы құлауының факторы ретінде.	
		15	Араб жаулаушылары. Араб Халифатының құрылуы мен ыдырауы.	
		16	Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғыс хан жорықтарының ықпалы.	
		17	Еуропаның картасының өзгеруіне Наполеон жорығының әсері.	
		18	Дүниежүзілік соғыстар және халықаралық қатынастар жүйесі.	

05	Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.	19	Құқықтық мемлекет түсінігі, қалыптасуы, принциптері мен тарихи алғышарттары.	1) Құқықтық мемлекеттің қалыптасуының алғышарттарын зерттейді; 2) Саяси-құқықтық процестер мен қазіргі кездегі халықаралық қатынастарды сипаттау үшін құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам «постбиполярылық жүйе», «көпвекторлы саясат», «бір полярылық әлем» ұғымдарын қолданады; 3) Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның құрылуының тарихи байланысын анықтайды;
		20	Құқықтық мемлекет принциптерінің жүзеге асырылуының тарихи тәжірибесі	
		21	Азаматтық қоғам түсінігі және жалпы сипаттамасы.	1) Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесінің дамуының қазіргі тенденцияларын түсіндіру үшін «азаматтық қоғам» ұғымын қолданады; 2) Азаматтық қоғамның қалыптасуын, адам құқықтарының Жалпы Декларациясын талдайды; 3) Азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуында үкіметтік емес ұйымдардың ролін айқындайды.
		22	Мемлекеттердің саяси-құқықтық жүйесі дамуының қазіргі тенденциялары.	4) Қазіргі кездегі халықаралық қатынастардың даму тенденцияларын, халықаралық ұйымдардың қызметін талдау
06	XX ғасыр XXI ғасырдың бас кезіндегі көрнекті саясаткер-реформаторлар	23	Мұстафа Кемал Ататүрік.	1) Тарихи оқиғаларды түсіндіру үшін «этатизм», «зайырлы мемлекет» ұғымдарын қолданады; 2) Мемлекет тарихындағы тұлғаның ролін негіздейді;
		24	Франклин Делано Рузвельт және оның "Жаңа бағыты".	3) Мемлекеттер тарихындағы Ф. Рузвельт, Ш.Голль,

		25	Шарль де Голль: Франция ұлылығының жаңғыруы.	М.Ататүрік, Дэн Сяопин, ішкі және сыртқы саясатының ерекшеліктерін түсіндіру; 4) ҚХР мысалында жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу себептерін талдайды; 5) Тарихи оқиғаларды талдау негізінде Оңтүстік-Шығыс Азиядағы «экономикалық ғажайып» факторларын саралайды.
		26	Дэн Сяопин - көрнекті қытай реформаторы.	
07	Білім алу бүкіладамзаттық құндылық ретінде	27	Жазу және кітап басып шығару - адамзаттың ең жоғары жетістігі.	1) Адамзат тарихы контекстінде мектептегі білім берудің дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықтарды сипаттайды; 2) Мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім берудің рөлі анықтайды; 3) Мектептегі білім берудің заманауи үлгілерін салыстырады; 4) Ағартушылық пен ғылымды өрістетудегі алғашқы университеттердің рөлін айқындайды.
		28	Мектептегі білім беру: ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін.	

4. Тест мазмұнының сипаттамасы:

Тест «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары
- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят

(контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

8. Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау: тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.


9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

1. Дүниежүзі тарихы 1914-1945жж. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуман бағыты.
2. К. Қожахметұлы, Ә. Шүпеков, М. Ғұбайдуллина, М. Дәкенов. Алматы 2010
3. Дүниежүзі тарихы 1945--2014 жж Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағыты. К. Қожахметұлы, Ә. Шүпеков, М. Ғұбайдуллина Алматы 2015
4. К. Қожахмет-ұлы, А. Чупеков, М. Губайдуллина, М. Дакенов Алматы 2010 г
5. Дүниежүзілік тарихы 10 сынып 1,2 бөлім, Р.Р.Қайырбекова, С.В.Тимченко, З.А.Джандосовна 2019 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Оқу-әдістемелік

бірлестігінің төрағасы


(қолы)

Н.Ахат

(Т.А.Ә)

« 08 » 09 2022 ж.



